

## **1. Автор туралы мәлімет.**

Аты-жөні - Султангиреева Нургул Серикбаевна

Білімі – жоғары

Диплом бойынша мамандығы– қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Атқаратын лауазымы бойынша жұмыс өтілі - 17 жыл.

Санаты – бірінші

**Тақырыбы:** «Қазақ тілі сабақтарында сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту»

## **ИПМ 2. Тәжірибені қалыптастыру жағдайы.**

Тәжірибені қалыптастыру үшін мына факторлар әсер етті:

- әдістемелік әдебиеттерді оқып үйренуден;
- әріптестердің іс-тәжірибесімен алмасудан;
- қалалық, облыстық әдістемелік жұмыстарға белсене қатысудан;
- курс дайындығы, кәсіби шеберлікті көтеру.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады» ((Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997, 21 бет).

Заманауи мектеп оқушыларды сыни ойлауға үйрету қажет үйрету қажет.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді. Бұл жерде сын тұрғысынан ойлауды дамытусыз болмайды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

## **ИПМ 3. Тәжірибенің теориялық базасы.**

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға

сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. “Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

#### **ИПМ 4. Тәжірибенің өзектілігі.**

Тәжірибенің өзектілігі мен перспективасы қазақстандық білім берудің басты бағыттарының бірі - бейіндік оқытуға көшу қажеттілігіне байланысты.

Бүгінде білім берудің сапасын жақсарту - әдістемелік ілімнің уақыт сұоанысына сай келуінен туындап отырған қажеттілік. Өйткені мектеп өмірі соны жаналықтар мен оңды өзгерістерге толы. Білім саласындағы басты мақсат нені оқыту емес, қалай оқыту қажет деген сауалға жауап табу. Сыни ойлаудың әсері өте мол. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі.

#### **ИПМ 5. Тәжірибенің жаңалығы.**

Ұсынылған тәжірибе қазіргі заманғы педагогикалық әдебиетте, яғни репродуктивтік-шығармашылық болып табылатын, талдау және шығармашылық материалдарды өңдеу негізде жасалған.

Тәжірибенің жаңалығы рефлексия жасау қабілеті бар, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану негізінде жұмыс жүйесін құрастыру. Бұл технология бойынша өткізілген сабақтар оқушылардың білімге деген

қызығушылық қабілеттерін арттырып, шығармашыл, ізденгіш, біреудің пікірін сыйлай білетін, ұтымды пікір айта алатын, ұжымшыл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

## **ИПМ 6. Қолжетімділігі.**

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Яғни, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады.

Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы - ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім - әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

## **ИПМ 7. Тәжірибенің көп еңбекті қажет ететіндігі.**

- Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өздігінен үйренуді;
- Мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана алуы (жағдаяттарға түскенде немесе өзін-өзі таныстыруда, қазақша құжаттарды толтыруда);
- Ғаламтордан қазақша сайттардан керек деректерді сұрыптап алуда

Тәжірибенің көп еңбекті қажет ететіндігі - сабақты құрастыру және өткізу үшін қосымша материалдарды іріктеу, оңтайлы әдістер мен тәсілдерді сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланатын оқу ресурстарын құруда.

Барлық ақпарат жиынтығы кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға, оқушыларды сыни тұрғыдан оқи білуге үйретіп, қойылған сұрақтарға өмірмен байланыстыра отырып жауап беруге дағдыландыруға бағынышты болуы тиіс.

Білім беруде жаңа технологияларды пайдалану - әр мұғалімнің парызы.

Өз тәжірибемді негізге ала отырып, оқу процесінде инновациялық технологияларды пайдалану - оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға ықпал етеді деп айта аламын.

## **ИПМ 8. Тәжірибенің технологиясы**

Мектептегі білім беруді ұйымдастыру сабақ процесі болса, сол сабақты түрлендіріп, жаңашылдықпен ұйымдастыра алуы мұғалім шеберлігі екені сөзсіз. Сондықтан мектептегі оқу процесінде сыни ойлауды дамыту бойынша семинардан алған білімдерімді қорытып, үйренген әдіс- әсілдерді пайдаға

асыруға тырыстым. Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыларды сыни тұрғыдан оқи білуге үйретіп, қойылған сұрақтарға өмірмен байланыстыра отырып жауап беруге дағдыландыру үшін тізбектелген сабақтарымда сыни ойлау элементтерін пайдаланудамын. 7- сыныпқа оқу бағдарламасына сай өткізген сабақтарымда оқушыларды сыни ойландыра алатындай сабақ жоспарларын құрған болатынымын. Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілгенде ғана олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша балаларды ХІХ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру- мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады.

Әр тізбектелген сабақтарымда талантты және дарынды балалардың білім сапасына көз жеткіздім. Бұндай оқушылардың мүмкіндіктерін мойындай отырып, кеңейтілген тапсырмалар беру немесе «Конверт сұрақ» әдісі арқылы жоғары дәрежелі сұрақтарды бағыттап отырдым. Жұмыстарды орындау барысында оқушылар тақырып бойынша біледі, мағынаны түсінеді, жан- жақты талдайды, білімдерін жинақтайды, бұрын таныс материал болса, білгенін қолданады, яғни Блумның барлық процесі осы кезде жүзеге асады. Сондықтан шығармашылық жұмыстар бере отырып, оқушылардың сыни ойлауын, өзіндік көзқарасын, өзіндік пікір, шығармашылық қабілетін қалыптастырамыз. Топтасып, ынтымақтастықта жұмыс жасау кезінде оқушылардың бір- біріне деген қолдауын, топ ішіндегі бірлікті байқадым. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлау арқылы ойларын жүйелеп, нәтижелі жұмыс көрсете білді.

Бұл модуль бойынша өткізілген сабақтар оқушылардың білімге деген қызығушылық қабілеттерін арттырып, шығармашыл, ізденгіш, біреудің пікірін сыйлай білетін, ұтымды пікір айта алатын, ұжымшыл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.


Жалпы оқу процесі барысында ұққаным, оқушыларға әрқашан, үнемі сабақ барысында кеңейтілген тапсырмалар, сыни ойлауын дамытатындай жоғары дәрежелі сұрақтарды үздіксіз беріп отыруымыз керек екендігін ұқтым. «Мұғалім – дамыту жұмысының көшбасшысы» деген тұжырымда айтылғандай, мұғалім өзіндік ойлау қабілетін қалыптастырып алған жағдайда ғана жаңашыл идеялар мен тың бастамалардың жаршысы бола алады. Оқушылар әрқашан жаңалыққа бейім болып келеді, сондықтан сыни ойлауын дамытуға жол ашылып, ақпараттарды талдап, саралап, салыстыра жүріп проблемаларды шынайы шешуге тырысады. Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

## **ИПМ 9. Тәжірибенің нәтижелігі.**

- оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы;
- оқушылардың мектепішілік, қалалық сайыстарға белсене қатысуда құштарлықтарының дамуы;
- оқушылардың қалалық, облыстық олимпиадаларда, байқауларда жүлделі орындарға ие болуы;

- әр түрлі оқулардан жүлделі орын алуы;
- білім сапасының жоғарлауы;
- мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына түсуі

Мақсатты жұмыс келесі нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді:



№	Іс- шараның атауы	Жыл	Деңгей	Нәтиже
1.	«XXI ғасырдағы инновациялық технологиялар»	2013	Республикалық	Диплом, 2 орын
2.	IV Республикалық конференция «Білім	2013	Республикалық,	Сертификат, конференция

	берудегі инновациялық процестер»		қашықтық	материалдары, 1 том, 30 қараша
3.	«Үздік қазақ тілі мұғалімі»	2013	қалалық	Диплом, 3 орын
4.	«Үздік педагог»	2014	Қалалық	Алғыс хат
5.	«Қазақ тілінің Үздік мұғалімі»	2014	Облыстық	Сертификат
6.	«2014 жылдың Үздік әдіскері»	2014	Облыстық	Сертификат
7.	«Тәуелсіздік тұғыры» атты шығармалар байқауы	2015	Қалалық	Мадақтама
8.	«Білім беруді жаңарту аясында жаңа ақпараттық технология арқылы оқушылардың қазақ тілі үйренуге деген ынта-ықыласын арттыру және жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы бар тұлға қалыптастыру»	2016	қалалық тамыз айының конференциясы	Коучинг, ұсыныстар
9.	«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту»	Қалалық семинар	2016	Ашық сабақ
10.	«Мен және төтенше жағдайлар» атты қалалық шығармалар байқауы	Қалалық	2016	Алғыс хат
11.	«Озық тәжірибе – көпке ортақ», конференция	2016	Облыстық	Сертификат
12.	«Ұлағатты ұстаз»	2016	Республикалық	Құрмет грамотасы
13.	«Ұлағатты ұстаз»	2016	Республикалық	төсбелгі, куәлік

### Авторлық бағдарламалар

№	Бағдарлама	Жыл	Деңгей	Нәтиже
1.	«Қазақ тілі сабақтарында	2013	облыстық	ISBN 978-

	денсаулықты сақтау технологиясы қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту» оқу-әдістемелік кешен (учебно-методический комплекс)			601-7434-82-3. Лицензия «Өрлеу» БАҰО АҚ Қостанай (протокол №43 8 мамыр 2013 жыл)
2.	«Дамыта оқыту технологиясы арқылы оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту» оқу-әдістемелік кешен(учебно-методический комплекс)	2013	республикалық	ISBN 978-601-7447-74-8

### Оқушылардың жетістіктері:

№	Оқушының аты-жөні	Жыл, сынып	Іс-шара	Деңгей	Нәтиже
1.	Албот Екатерина	2013, 8 сынып	«Алғыр»	қалалық	2 орын
2.	Базарбаева Жанна	2014, 10 сынып	«Жарқын болашақ»	қалалық	2 орын
3.	Тойганова Зарема	2015	«Жарқын болашақ»	қалалық	2 орын
4.	Мустафина Асель	2015	«Тәуелсіздік тұғыры», шығармалар байқауы	қалалық	2 орын
5.	Тойганова Зарема	2016	Қалалық олимпиада «Жарқын болашақ»	қалалық	2 орын
6.	Укшунова Сабина	2016	Городской конкурс сочинений «Я и чрезвычайные ситуации	қалалық	2 орын

7.	Сулейменова Алия,	2016	«Қазақстан – тәуелсіз мемлекет»	Облыстық	Сертификат
8.	Жангарина Даяна	2016	«Қазақстан – тәуелсіз мемлекет»	Облыстық	Сертификат
9.	Василенко Мария	2016	«Қазақстан – тәуелсіз мемлекет»	Облыстық	Сертификат
10.	Кусманова Лаура	2016	«Зерде» зерттеу және шығармашылық жұмыстар	қалалық	2 место
11.	Укшунова Сабина	2016	«Декабрьские чтения – 2016» «Страна Великой Степи: 25 лет мира и созидания», ғылыми- практикалық конференция	өңірлік	сертификат
12.	Южикова Александра	2016	Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша қашықтық олимпиада	Облыстық	3 орын
13.	Грицких Анастасия	2016	Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша қашықтық олимпиада	Облыстық	3 орын